

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2**

**22.02.2018
сағ.10:56**

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағаның орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағаның орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, М.М. Исмаилова - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы іссапарда, 2018 жылғы 31 қаңтардағы 2-і бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткерлердің тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.
2. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

1. Тендер 2018 жылғы 15 ақпандағы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

(Handwritten signatures and initials)

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Акимжанов Куаныш Сабырович	1	Алматы қ., Жарокова көш.287, 11 пәт.	21.02.2018	10:05
2	Орынбай Қанағат Хасенұлы	1	Астана қ., Рысқұлбеков көш. 16, 131 пәт.	21.02.2018	16:55
	Барлық конверттер:	2			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11-тармағына сәйкес тендерлік комиссия үміткерлер ретінде келесі қатысушыларды тіркеуді шешті:

1. Акимжанов Куаныш Сабырович ж.т. (№449 лоттан №452 лотқа дейін)

Тендерге қатысу өтінімі 3 парақта тігілген, нөмерленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 20.02.2018 жылғы № 9936796 жеке тұлғадан ақша аудару бойынша өтініш.

2. Орынбай Қанағат Хасенұлы ж.т. (№449 лоттан №452 лотқа дейін)

Тендерге қатысу өтінімі 3 парақта тігілген, нөмерленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) Жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 21.02.2018 жылғы № 9969370 жеке тұлғадан ақша аудару бойынша өтініш.

Қағидалардың 36 және 39 тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен үміткерлердің ұсыныстарын талдаудан және бағалау нәтижелері бойынша келесі үміткерлерді жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған қатысушы ретінде **№ 449 лот** бойынша өтінім бағасы **622 500 (алты жүз жиырма екі мың бес жүз)**

Handwritten signatures and stamps at the bottom of the page.

тенгемен жеке тұлға Орынбай Хасенұлы Қанағаттың тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 т. сәйкес);

2. Неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған қатысушы ретінде № 450 лот бойынша өтінім бағасы 622 500 (алты жүз жиырма екі мың бес жүз) тенгемен жеке тұлға Орынбай Хасенұлы Қанағаттың тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 т. сәйкес);

3. Неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған қатысушы ретінде № 451 лот бойынша өтінім бағасы 622 500 (алты жүз жиырма екі мың бес жүз) тенгемен жеке тұлға Орынбай Хасенұлы Қанағаттың тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 т. сәйкес);

4. Неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған қатысушы ретінде № 452 лот бойынша өтінім бағасы 622 500 (алты жүз жиырма екі мың бес жүз) тенгемен жеке тұлға Орынбай Хасенұлы Қанағаттың тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 39 т. сәйкес).

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабы 3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2018 жылғы 22 ақпандағы №39 мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша шартының жасалуына байланысты тендер комиссиясы көлемі азайтылсын туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

- № 300 лоты «күріш жармасы» 757 кг.;

- № 356 лоты «қаракұмық жармасы» 567,750 кг.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»

деп дауыс берді.

2018 жылғы 22 ақпандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

ММРК сатып алу – сату келісім шартын жеңімпазбен 10 (он) жұмыс күні ішінде жасасын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 22 ақпанда сағат 11.11-де аяқталды деп есептелсін.

Қосымша:

0.0009 РТ и.п. Нұрғалиев М.С. Аманжол

2018 жылғы 22 ақпандағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, ___ парақта.


Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:

Орынбеков Б.Ә.




Ахметов Б. Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахаев М.Н.




Әжіғұлова М.Ж.



Исмаилова М.М.



Бекенов А.С. .



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

